



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Академик Е.А. Бөкетовтың 100 жылдығына арналған

«Е.А. Бөкетовтың ғылыми көкжиектері»,

Халықаралық ғылыми конференциясы

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Сіздерді металлургия және химиялық технологиялар саласындағы ірі Кеңестік ғалым, өнеркәсіптік өндіріс және ғылымдағы жетістіктері мен еңбегі үшін жоғары марапатты - КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстандағы ғылым мен жоғары білім берудің талантты ұйымдастырушысы және әйгілі жазушы, аудармашы Академик Е.А. Бөкетовтың 100 жылдығына арналған **«Е.А. Бөкетовтың ғылыми көкжиектері»**, халықаралық ғылыми конференциясына қатысуға шақырамыз.

Конференцияда келесі секциялар жұмыс істейтін болады:

- 1. Е. А. Бөкетовтың ғылыми мұрасы: химия, металлургия және технологиялар;**
- 2. Е. А. Бөкетовтың әдеби және публицистикалық мұрасы;**
- 3. Е. А. Букетов қоғамдық ойшыл ретінде: гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар.**

Өткізілетін орны:	Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Университет к-сі 28, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, №1 ғимарат, Студенттер сарайы
Өткізілетін күні мен уақыты:	10-13 сәуір 2025 ж., сағ.:10.00-17.00
Конференцияның жұмыс тілдері:	Қазақ, орыс, ағылшын
Байланыс телефоны және электрондық мекенжайы:	<i>1 секция бойынша</i> - Болатбай А.Н., PhD, физикалық және аналитикалық химия кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77082904960, e-mail: Buketovchem@gmail.com ; <i>2 секция бойынша</i> - Әбікеева Н.М., магистр, журналистика кафедрасының оқытушысы, тел.+ 7775 569-94-22, e-mail: botawkan@mail.ru ; <i>3 секция бойынша</i> - Ахметова И.А., магистр, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77028791268, e-mail: Indira@buketov.edu.kz ; <i>Конференцияның жауапты хатшысы</i> - Аталикова А.С., б.ғ.к., Ғылым департаменті директорының орынбасары, тел.+77022145403, e-mail: Science.department@buketov.edu.kz .



Конференцияға қатысу үшін келесілерді жіберу қажет (қоса ұсынылады):

1. Тіркеу нысаны – **А қосымшасы.**
2. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес мақалалардың мәтіндері – **В қосымшасы.**

А қосымшасы.

ТІРКЕУ НЫСАНЫ (Конференцияға қатысуға өтінім)

1.Тегі, Аты, Әкесінің аты (Бірінші автор)	
2.Ұйымы, лауазымы	
3.Ғылыми дәрежесі	
4.Ғылыми атағы	
5.Телефон, факс	
6.Пошталық мекенжайы	
7.E-mail	
8.Баяндама атауы	
9. Секцияны көрсету	
10.Қатысу нысаны:	
а. Секциядағы баяндама* жинақта жариялай отырып	
ә. Сөз сөйлеусіз баяндаманы жариялау	
б. Баяндаманы жариялай отырып, сырттай қатысу	
в. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу	
11.Тең авторлардың ТАӘ	

* Пленарлық отырыста сөз сөйлеу регламенті: 15 минут

** Секцияларда сөз сөйлеу регламенті: 10 минут.

Конференцияға қатысуға өтінімді (А қосымшасын) **2025 ж. 01 қыркүйекке дейін** дейін мына электрондық мекенжай бойынша жіберу қажет:

1 секция бойынша - Болатбай А.Н., PhD, физикалық және аналитикалық химия кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77082904960, e-mail: Buketovchem@gmail.com;

2 секция бойынша - Әбікеева Н.М., магистр, журналистика кафедрасының оқытушысы, тел.+7775 569-94-22, e-mail: botawkan@mail.ru;

3 секция бойынша - Ахметова И.А., магистр, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77028791268, e-mail: Indira@buketov.edu.kz.



В қосымшасы

МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШАРТТАР МЕН ТАЛАПТАР

Баяндамалар (таңдауға қарай қазақ, орыс, ағылшын тілдері) **2025 ж. 01 қыркүйекке дейін** MSWord форматында электрондық көшірме түрінде, e-mail-да тіркелген файл бойынша ұсынылады.

Өтінім бере отырып, конференцияға қатысушы конференцияны ұйымдастыру комитетінің оның дербес деректерін өңдеуіне келісім білдіреді.

Конференцияға қатысушылар ұсынған материалдар пайдалануға тексеруден, сондай-ақ ғылыми мазмұнның дұрыстығы, конференция тақырыбына және техникалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан редакциялық іріктеуден өтеді. Мәтіннің түпнұсқалылығы кем дегенде 70% болуы керек.

Редакциялық іріктеуден өтпеген материалдар жарияланбайды және рецензияланбайды.

Мерзімдерін бұза отырып жіберілген материалдар қаралмайды.

Қатысушы сертификаттары **2025 ж. 3 қарашаға дейін** қатысушылардың өтінімдерде көрсеткен электрондық пошта мекенжайларына электрондық нысанда жіберілетін болады.

КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖИНАҒЫ 2025 ж. 3 қарашаға дейін қатысушыларға жіберіліп, университет сайтында орналастырылатын болады.

Мақала көлемі суреттерді қоса алғанда, A4 форматында **3 беттен кем емес және 6 беттен артық емес.**

Басында мақаланың бағыты бойынша жоғарғы сол жақ бұрышта әмбебап ондық жіктеуішінің (ӨОЖ) индексі коды көрсетіледі.

1 интервалдан кейін мақаланың тақырыбы ортада бас әріптермен қалыптастырылады.

Мақаланың атауы жолдың ортасында бас әріптермен, қалың қаріппен басылады.

2 интервалдан кейін ұйымның, қаланың және елдің атауын көрсетіле отырып, авторлардың аты-жөні мен тегі (қалың қаріппен белгілеу) басылады.

Төменде 2 интервалдан кейін мәтін басылады.

Мақала мәтінінің қаріпі – 11 кегль TimesNewRoman.

Жоларалық интервал - бір.

Бет параметрлері – барлық жағынан 20 мм.

Мақаланы дайындау кезінде пайдаланылған ақпараттық көздердің тізімі мақаланың соңында 10 дереккөзден (10 pt) аспастан, жол (Enter) арқылы орналастырылады.

Дереккөздерді тізбелеу мақалада оларға сілтемелер ретімен беріледі. Мақала мәтініндегі сілтеме нөмірі төртбұрышты жақшада ресімделеді, мысалы – [1]. Әдебиеттер тізімі «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспалық ресімдеу» 7.5-98 MEMСТ-қа сәйкес ресімделеді.

Кестелерді ресімдеу. Әр кесте нөмірленіп, атауы болуы керек. Кесте нөмірі мен атауы кестенің үстіне сол жақ жоғарғы жиекте қойылады. Кесте атауы сызықша арқылы орналастырылады (мысалы: 1-кесте -).

Графикалық материалдарды ресімдеу. Графикалық материалдар «MicrosoftGraph» немесе «Excel» бағдарламалары арқылы дайындалуы керек. Графикалық нысандар топтастырылуы тиіс. Графикалық нысандар бет жиектерінен асып кетпеуі және бір беттен аспауы керек.

Әр нысан нөмірленіп, сызбаның астына қол қойылуы керек және ортада орналасуы тиіс.

Формулаларды ресімдеу. Математикалық формулалар «MicrosoftEquation» формулалар редакторы арқылы ресімделеді. Олардың нөмірленуі оң жағынан домалақ жақшамен қойылады. Формулалар көп болған жағдайда олардың әр бөлім бойынша тәуелсіз нөмірленуі ұсынылады.

Конференция мақалаларын (В қосымшасы) мына электрондық мекенжайлар бойынша жіберу қажет:

1 секция бойынша - Болатбай А.Н., PhD, физикалық және аналитикалық химия кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77082904960, e-mail: Buketovchem@gmail.com;

2 секция бойынша - Әбікеева Н.М., магистр, журналистика кафедрасының оқытушысы, тел.+ 7775 569-94-22, e-mail: botawkan@mail.ru;

3 секция бойынша - Ахметова И.А., магистр, әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, тел.+77028791268, e-mail: Indira@buketov.edu.kz.

Файл атауы мақаланың бірінші авторының тегінен басталуы керек.

Конференцияға қатысушы 3-тен аспайтын мақала авторы немесе тең авторы бола алады.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарна қарастырылмаған. Материалдар жинағында мақала жариялау тегін.

Маңызды күндер:

2025 ж. 1 қыркүйекке дейін – конференцияға қатысуға тіркелу;

2025 ж. 7 қыркүйекке дейін – баяндамалардың толық мәтіндерін ұсыну;

2025 ж. 7 қыркүйекке дейін – баяндамалардың қабылданғаны туралы авторларды хабардар ету;

2025 ж. 26 қыркүйекте – конференцияға қатысушыларды тіркеу;

2025 ж. 26 қыркүйекте – конференция жұмысы;

2025 ж. 3 қарашаға дейін – қатысушы сертификаттарын жіберу;

2024 ж. 3 қарашаға дейін – конференцияның электронды жинақтарын жіберу.

Құрметпен, Конференцияны ұйымдастыру комитеті